



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары –
«NUR OTAN» партиясы
фракциясының және «Ақ жол»
Қазақстан Демократиялық
партиясы фракциясының
мүшелеріне

2021 жылғы 16 маусымдағы
№ ДЗ-213 сауалға

Құрметті депутаттар!

Өздігінен төгілетін апаттық мұнай ұңғымаларын жоюға және консервациялауға қатысты мынаны хабарлаймын.

1. Қазақстан аумағында жоюға және консервациялауға жататын ұңғымалардың санын белгілеу және өзектендіру бойынша

Қоршаған ортаны ластайтын апаттық мұнай ұңғымаларын жою мақсатында 2010-2021 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағында тиісті зерттеулер жүргізілді, оның барысында **132 апаттық мұнай ұңғымасы анықталды.**

Бүгінгі таңда апаттық мұнай ұңғымаларының ішінен **126 ұңғыма жойылды** (мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен), **6 апаттық ұңғыма жойылуға жатады**, оның ішінде Ақтөбе облысында – 3 (Жилинская Г-13, Петропавл Г-7 және нөмірсіз 1 ұңғыма), Атырау облысында – 1 ұңғыма (К-30J) және Маңғыстау облысында 2 ұңғыма (Құлтай Г-1, Тасорпа Шығыс Г-2) жойылуға жатады.

2. Апаттық ұңғымаларды белгіленген мерзімде жоймаған жер қойнауын пайдаланушыларға шаралар қабылдау бойынша.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) **жер қойнауын пайдалану объектілерін, оның ішінде ұңғымаларды жою және консервациялау жөніндегі мәселелерді реттеуді қамтамасыз ететін нормалар көзделген.** Атап айтқанда, жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық аумақтарда орналасқан мұнай-газ ұңғымаларын қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланудың салдарын жоюды жүргізу жөніндегі міндеті көзделген.

Сондай-ақ **жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарларын жою тетігі орнатылған**, ол жер қойнауын пайдаланушының базалық жобалау құжаттарында және әзірлеуді талдауда айқындалған сома мөлшерінде ақша жарнасы арқылы қалыптастырылатын банк салымының кепілі түрінде өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынуы арқылы іске асырылады.

Бұдан басқа, Кодексте, егер жою актісіне қол қойылғаннан кейін, тиісті жер қойнауы учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға жою жобасын бұза отырып жою жөніндегі жұмыстарды орындағаны не ол жойған (консервациялаған) ұңғыманың сағасының тығыздығы бұзылғаны анықталса, онда құзыретті орган анықталған бұзушылық туралы және белгіленген мерзімде өз қаражаты есебінен осы бұзушылықты жою міндеті туралы жер қойнауын пайдаланушыны жазбаша хабардар етеді.

Бұл ретте Энергетика министрлігі жүргізген мұнай-газ ұңғымаларының жай-күйін бағалау нәтижелері бойынша **2018 – 2019 жылдары келісім-шарттық аумақтарда 71 апаттық ұңғыма жойылғанын, 19 апаттық ұңғыманы қалпына келтіру және пайдалану қорына ауыстыру мақсатында әрекетсіз қордан шығарылғанын** атап өту қажет.

Бұдан басқа, 2020 жылдан бастап 2021 жылдың 1 жарты жылдығына дейінгі кезеңде көмірсутегі кен орындарын барлау және игеру жөніндегі Орталық комиссияның отырыстары шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутегі кен орындарын барлау және игеру жөніндегі 158 жобалық құжаттары қаралды. Жобалық құжаттарды қарау нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдаланушылармен келісімшарттық аумақтарда **апаттық мұнай-газ ұңғымаларының болуы туралы ақпарат белгіленбеген.**

3. Бюджеттен жеткілікті қаражат бөле отырып, иесіз апаттық мұнай ұңғымаларын жою немесе консервациялау бойынша бірнеше жылға нақты кесте жасау бойынша

Жоғарыда аталған **6 иесіз апаттық мұнай ұңғымаларын жою іс-шараларына 2023 жылы, 2022 жылы** барлық қажетті жұмыс көлемін көздейтін жобалау-сметалық құжаттама жасалғаннан кейін кірісу жоспарлануда.

Бұл ретте, Республикалық бюджет комиссиясының 2020 жылғы 26 маусымдағы № 17 шешімімен геологиялық барлау саласын дамыту жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаның (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) жобасын **іске асыруға 153,6 млрд.теңге**, оның ішінде иесіз, апаттық мұнай-газ ұңғымаларын жоюға және консервациялауға 1,7 млрд. теңге қарастырылған.

Сонымен бірге, жоғарыда көрсетілген жұмыстарды қаржыландыру 104 «Иесіз мұнай-газ және өздігінен төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау» республикалық бюджеттік бағдарламасы 089 «Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерделенуін арттыру» кіші бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Осылайша, 2010 – 2021 жылдар кезеңінде зерттеу барысында анықталған 132 апаттық мұнай ұңғымаларының 126 жойылды, ал **6 ұңғыма 2023 – 2025 жылдары жойылатын болады.**

Р. Скляр

Орынд.: Ж. Шуткараев, тел.: 74 58 09



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан –
Членам фракции партии
«NUR OTAN» и фракции
Демократической партии
Казахстана «Акжол»

На № ДЗ-213 от 16 июня 2021 года

Уважаемые депутаты!

Относительно ликвидации и консервации самоизливающихся аварийных нефтяных скважин сообщая следующее.

1. По установлению и актуализации количества скважин, подлежащих ликвидации и консервации на территории Казахстан

В целях ликвидации аварийных нефтяных скважин, загрязняющих окружающую среду, в период с 2010 по 2021 годы проведены соответствующие обследования, в ходе которых **выявлены 132 аварийные нефтяные скважины.**

На сегодня из этого числа аварийных нефтяных скважин **126 скважин ликвидированы** (за счет средств государственного бюджета), подлежат ликвидации **6 аварийных скважин**, в том числе в Актюбинской области – 3 скважины (Жилинская Г-13, Петропавловская Г-7 и 1 скважина без номера), в Атырауской области – 1 скважина (К-30J), в Мангистауской области – 2 скважины (Култай Г-1, Тасорпа Восточная Г-2).

2. По принятию мер к недропользователям, которые не ликвидировали аварийные скважины в установленные им сроки

Кодексом «О недрах и недропользовании» (далее – Кодекс) предусмотрены нормы, **обеспечивающие регулирование вопросов по ликвидации и консервации объектов недропользования**, в том числе скважин. В частности, предусмотрена обязанность недропользователя по проведению ликвидации последствий недропользования, включая нефтегазовые скважины, расположенные на контрактных территориях.

Также установлен механизм ликвидации последствий операций по **недропользованию**, который реализуется посредством предоставления недропользователем обеспечения исполнения своих обязательств в виде залога банковского вклада, формируемого путем вноса денег в размере суммы, определенной в базовых проектных документах и анализах разработки.

Кроме того Кодексом определено, что в случае, если после подписания акта ликвидации будет установлено, что лицо, право недропользования которого прекращено по соответствующему участку недр, выполнило работы по ликвидации в нарушение проекта ликвидации, либо будет обнаружено нарушение герметичности устья ликвидированной (законсервированной) им скважины, то компетентный орган письменно уведомляет недропользователя о выявленном нарушении и об обязанности устранения данного нарушения за счет собственных средств в установленный срок.

При этом необходимо отметить, что по результатам проведенной Министерством энергетики оценки состояния нефтегазовых скважин на контрактных территориях **в 2018 – 2019 годах была ликвидирована 71 аварийная скважина, выведены из бездействующего фонда с целью восстановления и перевода в эксплуатационный фонд 19 аварийных скважин.**

Кроме того, в период с 2020 года по 1 полугодие 2021 года в рамках заседаний Центральной комиссии по разведке и разработке месторождений углеводородов было рассмотрено 158 проектных документов недропользователей по разведке и разработке месторождений углеводородов. По результатам рассмотрения проектных документов информации о **наличии аварийных нефтегазовых скважин** на контрактных территориях недропользователями **отмечено не было.**

3. По составлению четкого графика по ликвидации или консервации бесхозных аварийных нефтяных скважин с достаточным выделением средств из бюджета

К ликвидационным мероприятиям **6 вышеперечисленных бесхозных аварийных нефтяных скважин** планируется приступить **в 2023 году** после составления в 2022 году проектно-сметной документации, предусматривающей все необходимые объемы работ.

При этом решением республиканской бюджетной комиссии от 26 июня 2020 года № 17 на реализацию проекта Государственной программы по развитию геологоразведочной отрасли (далее – Госпрограмма) были **поддержаны 153,6 млрд тенге**, из которых 1,7 млрд тенге предусмотрено на ликвидацию и консервацию бесхозных, аварийных нефтегазовых скважин.

Финансирование вышеуказанных работ будет осуществлено в рамках республиканской бюджетной программы 089 «Обеспечение рационального и комплексного использования недр и повышение геологической изученности территории Республики Казахстан» подпрограммы 104 «Ликвидация и консервация бесхозных нефтегазовых и самоизливающихся гидрогеологических скважин».

Таким образом, из 132 аварийных нефтяных скважин, выявленных в ходе обследования в период с 2010 по 2021 годы, 126 скважин ликвидированы, а **6 скважин будут ликвидированы в 2023 – 2025 годах.**

Р. Скляр